

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КОЛЛЕДЖДЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАСТАРЫ»** атты  
(Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған)  
студенттік ғылыми-практикалық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**



## **МАТЕРИАЛЫ**

студенческой научно-практической конференции  
**«ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ МОЛОДЕЖЬ  
НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА»**  
(к 25-летию Независимости Казахстана)

Алматы 2016

## СОДЕРЖАНИЕ

### Секция 1. Экономика: Новая модель роста и развития Независимого Казахстана

<i>Абдуллажанов А.</i> Социальное страхование населения Республики Казахстан .....	3
<i>Аркинов А., Саукамбекова М.</i> Перспективы совершенствования ипотечного кредитования в Республике Казахстан в условиях кризиса .....	6
<i>Бейсетай А., Атамбекова Г.</i> ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен даму деңгейі және оның есептілігін жүргізу тәртібі (ХҚЕС 26) .....	8
<i>Бодылевская Т.</i> Проблемы преобразования отходов в доходы .....	12
<i>Боранхан И.</i> Аспекты политологического образования и ключевые ориентиры стратегии «Казахстан-2050» .....	14
<i>Ваховская В.</i> Глобализация Великого Шелкового пути: исторические и экономические аспекты развития .....	17
<i>Жанатаева Г.</i> Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму .....	19
<i>Жунусова Б.</i> Анализ конкурентноспособности отечественных продуктов .....	21
<i>Ибрагимова Д.</i> Организация учета и аудита в банках второго уровня Республики Казахстан .....	24
<i>Кан Л.</i> Модернизация финансовой грамотности населения Республики Казахстан .....	26
<i>Кувшинова К., Степанов Г.</i> Сущность и особенность применения японского метода управления «Кайдзен» в Казахстане .....	28
<i>Мейрамхан А.</i> Жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мәселелерін шешу жолдары .....	30
<i>Муминов А.</i> Проблемы безработицы среди молодежи и пути их решения, для укрепления социальной стабильности в нашем обществе .....	31
<i>Оразаева А.</i> Формирование банковской политики с учетом международных стандартов .....	32
<i>Сабитов А.</i> Информационные технологии как действенный метод формирования современного рынка труда .....	35
<i>Сахнова С.</i> Индустриализация и экономический рост .....	37
<i>Торкин Э.</i> Новая модель экономического роста и развития Независимого Казахстана .....	40
<i>Турдиев Д., Кенесова А.</i> Модели для обеспечения принятия решений по управлению предприятиями .....	42
<i>Тілеуқабыл М.</i> Тәуелсіздігіміз тұғырым, еліміздің ертеңі .....	45
<i>Ульченко А.</i> Егеменді Қазақстан – мәңгілік ел .....	46

### Секция 2. Правоведение: Правосудие и правоохранительная система как инициатор преобразований и реформ

<i>Абетаева Ф., Блохина И.</i> правовые основы происходящих изменений в экономике, политике и социальной сфере .....	50
<i>Алаев И.</i> Борьба с коррупцией – как одна из главных проблем государства .....	53
<i>Әбілқасим Н.</i> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызметі .....	56
<i>Әбдімәлік Ж.</i> Ұлт – азаттық көтеріліс тәуелсіздігіміздің бастауы .....	60
<i>Әуелхан II.</i> Адвокатураның қалыптасуы және дамуы .....	63
<i>Бағашар Б.</i> Заң үстемдігін қамтамасыз ету .....	66
<i>Безответных А.</i> Административная ответственность несовершеннолетних .....	68
<i>Бигалиев И.</i> Қазақ хандығының ата заңдары .....	70
<i>Ержан Н.</i> Конституция – мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының кепілі .....	76
<i>Жұмағалиев М.</i> Құқық қорғау органдарын реформалау .....	78
<i>Кан Т.</i> Идентичность и единство .....	81
<i>Курбаналиев Қ.</i> Тәуелсіз Қазақстанның ата заңдары .....	83
<i>Қымыз Л.</i> Қазақстан Республикасының құқықтық жағдайы .....	87
<i>Токмурзаева С.</i> Ювенальная юстиция: альтернативные концепции .....	90
<i>Швалева Т.</i> Медиативное решение судебных споров .....	92

### Секция 3. Лингвистика: Знание языков – реалии сегодняшнего мира

<i>Абдыкадырова З.</i> Knowledge of languages is realities of today's world .....	95
<i>Алисова А.</i> Влияние молодежного интернет – сленга на чистоту русского языка .....	96
<i>Альмуханова Д., Жуматова А.</i> Английские надписи как экстралингвистический фактор влияния на культуру подростков .....	99
<i>Актаева А.</i> Психологизм в романе Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» .....	101
<i>Ахатова А., Беркымбаева А.</i> Қазақ есімдеріндегі мемлекеттік тілдің көрінісі .....	104
<i>Базилова К., Исабек М.</i> СМС – это новая форма общения XXI века .....	108



<i>Ботаева А.</i> Peculiarities of using sociocultural components in intensification of teaching English.....	110
<i>Жантурсын А.</i> English borrowings in modern Russian language.....	112
<i>Жангазы А.</i> Ақын-жыраулар тілі .....	114
<i>Жексенбинова К.</i> Глагол в произведениях Александра Блока .....	115
<i>Икрамов Д.</i> Истинности идеи Шолохова во благо всего человечества и его актуальность в современном мире .....	119
<i>Иманкулова А.</i> Білімді жастар – интеллектуалды ұлттың бастауы.....	122
<i>Медетова Л.</i> Жарнама тілінің психолінгвистикалық ерекшеліктері мәселелері .....	124
<i>Мочалова А.</i> Современные тенденции развития сокращения как способа словообразования в английском языке .....	126
<i>Мухтархан А.</i> Мои туристические маршруты.....	127
<i>Нарман Н.</i> Өзге тілдердегі түркізмдер.....	129
<i>Оразақын М.</i> Қазақстандағы тіл саясаты және оның этносаралық қарым-қатынастарға ықпалы.....	131
<i>Прусакова Е.</i> Business English – idioms and expressions .....	134
<i>Сихимбаева С.</i> The easiest way to learn English is-Globish.....	135
<i>Толыбай Д.</i> Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып бейнелеуінің ерекшеліктері.....	137
<i>Убайдулла А.</i> Изучение рифмованных словарей – условие формирования полиязычной и поликультурной личности .....	138

**Секция 4. Общеобразовательные дисциплины:  
Всесторонне развитая и интеллектуальная молодежь, реализующая новую модель  
современного общества**

<i>Абдуллаева Р.</i> Интеллектуально развитая молодежь – будущее страны.....	144
<i>Акпер А.</i> Менің Отаным-Қазақстан.....	147
<i>Ахетова Қ.</i> Түйе сүтінің биологиялық маңызы .....	149
<i>Әбдіқасым А.</i> Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы .....	150
<i>Бекіш Б.</i> Таза табиғат – халық байлығы .....	152
<i>Бекмаганбетова Ж.</i> «Мәңгілік Ел» идеясы .....	155
<i>Бисенбекова Г.</i> Заманауи қоғамның дамуының жаңа моделін іске асыратын жан-жақты дамыған интеллектуалды жастар .....	158
<i>Боранбаев Е.</i> Судың, жемістердің құрамындағы темірдің адам ағзасына әсерін, себебін анықтау .....	161
<i>Близников В. Аметова Р.</i> Проблемы интеллектуальной молодежи в современном и независимом Казахстане.....	163
<i>Бырқия Ш.</i> Қазақстандағы 1916ж. ұлт-азаттық көтеріліс. Жетісудағы орталығы .....	165
<i>Ганиева С.</i> Социализация людей с ограниченными возможностями в контексте современного Казахстана.....	170
<i>Дженсенбаева Ж.</i> Влияние феминизма на социально-экономические и культурные отношения в Казахстане .....	173
<i>Дүйсен А.</i> 1916 жылғы ұлт -азаттық көтеріліске 100 жыл .....	175
<i>Жанкабаева Ж.</i> Влияние стиля педагогического общения на формирование "Я-концепции" младшего школьника .....	177
<i>Жұмабек К.</i> Алоэ осімдігінің ерекшеліктері және емдік қасиеті.....	180
<i>Каримов А.</i> Факторы, влияющие на окружающую среду при добыче нефти.....	182
<i>Крюков А.</i> Числа Фибоначчи.....	183
<i>Кудайбергенов А.</i> Будущее Казахстана – интеллектуальная молодежь .....	185
<i>Қанатбекқызы А.</i> Заманауи қоғамның жаңа моделін дамытуда жастарды жан-жақты жетілдіру және зияткерлікке баулу .....	189
<i>Махамбетсалиев Д.</i> Қазақстандағы сталиндік қуғын-сүргін .....	192
<i>Мичирова Р.</i> Развитие интеллекта школьников современными средствами информационно – коммуникационных технологий на уроках информатики.....	194
<i>Мочалова А., Елинский А.</i> Влияние использования спортивного питания на организм подростков .....	195
<i>Несітбекова З.</i> «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс».....	197
<i>Ниетбай А.</i> Влияние химического и биологического состава кумыса на организм человека.....	200
<i>Ораз Г.</i> Стресс кезінде пайда болатын өзгерістер мен бейімделу үрдісі .....	202
<i>Песоцкая Э.</i> Влияние разных жанров фильмов на психику студентов .....	205
<i>Рахимова С.</i> Ерлігі елу жылдан кейін ғана танылған Бақтыораз Бейсекбаев.....	206
<i>Серик Т.</i> Темекінің химиялық құрамы және адам денсаулығы.....	207
<i>Серікбай А., Райзо А.</i> Қазақтың халқының салт-дәстүрлері?.....	210
<i>Тоқсанбай П.</i> Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні .....	212

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Әбілқасим Н.*, 1-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: *Әділқазы С.*  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі

1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту туралы» заңға қол қойылды. Осы уақыт ішінде Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, әнұраны сияқты мемлекеттік рәміздері қабылданып, тәуелсіз елдің алғашқы Конституциясы өмірге жолдама алды. Осы 12 жыл ішінде мемлекет және қоғам дамудың барлық бағыттарында сүбелі жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елде жүргізіп отырған әрелі саясатының арқасында мемлекеттік биліктің мықты жүйесі құрылды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет танылады.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарына қорғауды басты мақсатқа қояды және оларға кепілдік береді. Қазақстан Республикасында адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарына арналған 30 бап бар.

Біздің мемлекетіміздің ең басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып есептелінеді. Осы себептен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғауды жүзеге асырушы, заңды тұлға ретінде адвокаттардың рөлі арта түсті.

Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясында жарияланған әрбір азаматтың билікті заң көмегін алуға құқығы бар. Осыған орай 1997 жылы 5 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметі туралы» Заңы қабылданды. Бұл заңның негізгі мақсаты адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және билікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған. Адвокатура қылмыстық істер бойынша, әкімшілік басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызметтің құқықтық негіздері «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 2 бабында бекітілген. Адвокаттық қызмет туралы заңдар осы заңнан және адвокаттық қызметті реттейтін өзге де заңдардан тұрады (ҚІЖК, АІЖК «Сот орындаушыларының мәртебесі және атқарушылық ісін жүргізу туралы» Заң және т.б.).

Қазақстан мемлекеті өз азаматтарының белгілі бір іс әрекетінің заң жүзіндегі мүмкіндіктерін таниды және оларға кепілдік береді. Адам мен азамат құқығы – Қазақстан Республикасы Конституциясының іргелі категориясы, ол адамды қазақстандық қоғамның ең жоғарғы құндылығы ретінде орнықтырады.

Қазақстан азаматтары өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін әдістермен қорғауға құқығы бар. Қазақстан азаматтары ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ басқа елдің азаматтығы бар шетелдер Қазақстан аумағында құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалған болса, олар өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды сұрай алады.

Адвокат – қорғаушы қызметтің өзіне тән стилі мен шеберлігін меңгерген маман болып қалыптасқан адам. Мұның өзі жұмыс сапасына, қызмет тактикасына, қорғауды тиімді жүргізуіне әсер етеді.

Адвокаттың қылмыстық іске қатысуын курстық бітіру жұмысының тақырыбы етіп алуымының себебі, қылмыстық іс жүргізуге заңи көмек беруге араласушы адвокат-қорғаушы үшін заңи көмек беру еңбек қызметінің негізгі түрі, кәсібі.

Қазіргі кезеңде заң мен қоғам адвокат – қорғаушыдан жай заң көмегін көрсетуді ғана емес, қылмыстық іс бойынша қорғаудың нәтижелілігін талап етеді.

Бірақ азаматтық іс жүргізуде адвокаттың қызметінің маңыздылығына ешқашан тиісті түрде назар аударылмағандығы бәрімізге мәлім. Өз уақытында бұл қызмет конституциялық функцияны, яғни қорғауды жүзеге асыруға бағытталған адвокат-қорғаушының қызметімен салыстырғанда екінші дәрежедегі қызмет болып есептелінді.

Қазір жағдай мүлдем өзгерді. Заңнамалар да өзгерді.

Қазіргі уақытта сот реформалар нәтижесінде сот билігі жеке билік ретінде қалыптасып және бұрын сотқа жүгіну үшін қойылған шектеулер алынып абсолютті ештеңемен шектелмеген сотта қорғану құқығының пайда болуына әкелді.



Азаматтардың құқықтарын қорғауда соттың рөлінің ұлғаюмен қатар адвокаттың қатысуының маңыздылығы артып келеді. Азаматтық іс бойынша адвокаттың қатысуы ҚР-ның азаматтарының мамандандырылған заң көмегін алудағы конституциялық кепілдікті жүзеге асыру болып табылады.

**Адвокатураның мақсаты** Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызметтің кепілдігіне қатысты қолданыстағы заңнамаға енгізілуге тиіс аса маңызды түзетулер біздің тарапымыздан ұсынылды. Мысалы, Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңының 17-бабында адвокаттық қызметтің кепілдігі туралы айтылған, оған сәйкес адвокаттық қызметтің жүзеге асырылуына ешкім тікелей немесе жанама түрде кедергі жасай алмайды. Құқықтық көмек көрсетіп отырған адаммен адвокатты теңдестіруге қатаң тыйым салынады, кәсіптік қызметін атқару кезінде оған белгілі болған мән-жайлар туралы оны куәгер ретінде тергеуге қатаң тыйым салынады. Соңғы кезде біз құқық қорғау органдарының адвокаттарды өздерінің қорғаудағы адамдарымен бір санатқа қосып, теңдестіруін жиі кездестіретін болдық. Мысалы, адвокаттарға куә ретінде тергеу жүргізу, адвокаттық құрылым орындарында санкциямен бекітілмеген заңсыз тінтулер жүргізілуі, тергеу абақтысына (СИЗО) қызмет бабымен барған адвокаттарға заңсыз тексеріс пен тінтулер жүргізілуі сияқты заңға қайшы келетін жағдайлар болып тұрады. Осылайша, адвокаттар заңда жазылған кепілдемелерге ие бола алмай отыр. Олардың мәртебесі мен өкілеттігі тиісті деңгейде жүзеге асырылып жатқан жоқ. Сондықтан кейбір адвокаттар, жалпақ тілмен айтқанда, көбінесе өзінің заңды қызметін толыққанды атқаруға, ойын ашық жеткізуге сескенеді, ал бұл өз кезегінде білікті құқықтық көмек көрсету сапасына кері әсер етеді.

Сондықтан біз көрсетіліп жүрген құқықтық көмек сапасын жоғарылату мақсатында адвокаттық қызмет кепілдемесін күшейту, оған қатысты оперативті-іздеу шараларын тағайындау және іс жүргізудің ерекше тәртібін енгізу аса маңызды екенін айтып отырмыз. Сонымен қатар адвокатқа қатысты қылмыстық іс тек облыстық прокурормен немесе оған теңестірілген прокурормен ғана қозғалуы мүмкін. Адвокатқа қатысты оперативті-іздеу шараларын жүзеге асыру, тінту жүргізу мен тәркілену сияқты және тағы басқа шаралар тек сотпен ғана бекітілуі тиіс. Оперативті-іздеу шараларын жүргізетін органдармен астыртын әріптестікке адвокаттарды тартуға тыйым салынуы керек. Бұл туралы талай рет айтқан болатынбыз. Осындай барлық сұрақтар бойынша біз кеңейтілген түрде ұсыныстар жасап отырмыз. Тәжірибе жүзінде біздің ұсыныстарымыздың жүзеге асырылуы Қазақстандағы осы құқық қорғау институтын жетілдіруге, адвокаттық кәсіптің мәртебесін көтеруге, Конституциямен кепілдендірілген квалификациялы құқықтық көмек көрсету қызметімен қамтамасыз етуде аса маңызды.

Қорғаушылардың екінші деңгейдегі қызметкер болып көрінетінін себебі мынада. Қылмыстық істерді жүргізу заңы тараптарды сайыстыру және тең құқылық идеясын қылмыстық сот ісінде бекіткен (ҚР ҚІЖК 23-бап). Сайыстыру ретінде айыпталушының қорғалуға деген құқығын ғана түсінуге болмайды, бұл сонымен бірге ақиқатты іздеу әдісі мен айғақтарды зерттеу тәсілі де болып табылады. Өкінішке қарай, қазақстандық қылмыстық процесте, әсіресе, сотқа дейінгі сатыда осы функцияларды не қорғалушы, не айыпталушы жеткілікті түрде жүзеге асыра алмайды, себебі біздің қылмыстық процесте қылмысты дәлелдеуде – тергеушінің, анықтаушының және прокурордың рөлі басым болатындығы айтылады. Адвокаттың дәлелдеуге қатысу мәселесі нормативті актілерде жеткіліксіз реттелгендіктен, қылмыстық процеске тартылған адамдардың бостандықтары мен құқықтары едәуір бұзылды.

Заң актілері тергеушіге айыптау және ақтау дәлелдемелерін жинауды жүктейді. Алдын ала тергеудің негізгі міндеті – сот үшін материал жинау. Осылайша, тергеуші бір мезгілде бір-біріне мүлдем қарама-қайшы функциялар атқаруға міндетті. Тергеушінің айыптау жағына еліту мүмкіндігі аса жоғары. Қылмыстық істі қозғаған кезде ол айыпталушыға қарсы бұлтартпайтын шараларды тауып, айыптауды біржақты тұжырымдайды. Сөйтіп, тергеуші өзінің "сыңарезу" шешімінің тұтқынына айналады. Сондай-ақ тергеуші өз жұмысының сапасын бағалау жүйесіне орай, дәлелдемелер жинауда әр кезде объективті бола бермейді, соған байланысты қылмыстық істі тоқтату, оның тарапынан жіберілген қателік ретінде бағаланады және тергеушіге тағылған айып-кінә болып саналады.

Сайысудың негізі қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңінде қалыптасуы керек. Екі жақ та сотқа айыптау және ақтау дәлелдемелер жиынтығымен, тең болып келуі керек. Қолданыстағы заңға сәйкес



қорғаушы тарапына қарағанда, сотқа дейінгі сатыда дәлелдемелер жинаған айыптаушының қолында көбірек материал болады. Нәтижесінде сотта қорғаушының рөлі көбінесе тергеушінің жұмысындағы кемшіліктерді іздеумен ғана болады. Көп уақытты сол алады. Квалификациялық құқықтық көмек мәселелері бойынша заң жобасында, дәлелдемелер жинау жөніндегі адвокаттың өкілеттігіне қатысты бірқатар өзгертулер қарастырылған.

Адвокаттардың құқық қорғау органдары, сот, прокуратура сияқты ведомстволық ғимараттарға қызмет бабымен еркін кіріп-шығу мәселесі бұрыннан бері талқылануда. Квалификациялы құқықтық көмек мәселесі бойынша заң жобасына өзгертулер енгізу басталғалы, соңғы 5 жылдың ішінде Қазақстан адвокаттарының одағы Парламентке мұндай ғимараттарға адвокаттардың кіріп-шығуларына шектеулерді алып тастау туралы талай рет ұсыныстар түсірді. Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" заңының 14-бабына біз өзгерту енгізуді ұсындық, оған сәйкес адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесс жүргізетін органдардың әкімшілік ғимараттарына "еркін қолжетімділік" құқығын пайдаланатын болады. Біздің ойымызша, қазіргі күші бар заңда жазылған "бекітілген тәртіппен" деген ескерту сөз, адвокаттардың ведомстволық ғимараттарға еркін кіру туралы ережеге қарама-қайшы келеді. Яғни құқық қорғау органдары мен сот ғимараттарына кіру тәртібі адвокаттар үшін қазіргі кезде аса қатаң, арнайы рұқсатпен ғана жүзеге асырылады.

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіге сай мемлекет жеке тұлға құқығы мен қылмыстық іс процесіндегі кепілдіктерді қорғауға міндетті. Соңғы жылдары мойнына алған халықаралық міндеттерді орындау үшін елімізде жеке тұлға мен азамат құқығының сақталуы және заңның орнығуына бағытталған құқықтық реформа бағдарламасы біртіндеп іске асып келеді. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан халқына Жолдауында да қылмыстық сот жүргізу мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету, сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау реформасы жайын да қозғаған болатын.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында адвокатура қызметі көрсетілген, яғни әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі делінген. Демек, мемлекет азаматтарымен құқықтық тығыз байланыста болатын адвокатура институты мен адвокат ісін дамытуға белсене кіріседі. Сондықтан «Қазақстан Республикасының адвокатура ісі жөніндегі заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қарауды құқықтық реформаға сәйкес келетін маңызды құжат деп есептеймін. Бұл заң жобасының концепциясы адвокатураны сот ісіндегі ажырамас бөлігі ретінде танып, қорғаушының құқығы мен құзырын кеңейтуді, қорғаушы тарапынан табылған дәлелдемелерді бекіту механизмін енгізу, сонымен қатар, қорғаушының апелляцияда және бақылау инстанциясы кезінде прокурормен теңдей қатысуына мүмкіндік жасауды қарастырады.

Заң жобасының басты мақсаты — қылмыстық сот жүргізу мен сот шешімдері шеңберіндегі адвокаттар рөлін кеңейту болып табылады.

Онда Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу кодекстері мен Қазақстан Республикасының «Адвокат қызметі туралы», «Сот ісін жүргізу және оның статусы», сонымен қатар, «Қылмыстық іс күдіктілері мен күдіктілерді қамауға алу тәртібі туралы» заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізіледі. Енгізілген толықтырулар мен өзгертулер халықаралық нормаға сай болумен қатар, заң актілерінде көрсетілгендей адвокат ісіндегі оның міндеттері мен бұзылған талаптарға жауапкершіліктерін де бөліп қарайды. Мысалы, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-баптағы 7-бөліміне енгізілген өзгертулер бойынша, күдікті қорғаушыны өздігінен болмаса заң өкілдері арқылы шақыруға құқылы. Сонымен қатар, күдіктінің тергеуге дейін өзі тандап алған, болмаса бекітілген қорғаушысымен құпия түрде кездесуіне, қорғаушысының қатысуымен ғана түсінік беруге құқы бар.

Қорғау жұмысындағы тағы бір жетістік, Заң кодексінде көрсетілгендей, айыпталушы өзінің адвокатымен кез келген уақытта, құпия түрде кездесуге құқылы. Сонымен қатар, заң жобасында адвокат адвокат құпиясын сақтауға, маңызды нәрселерді жарияламауға жауапты. ҚР «Адвокат ісі туралы» заңының 14-бабына енгізілген өзгерістер бойынша, адвокат тиісті орындардан берілген уақытында анықтамалар мен мінездемелер сияқты басқа да құжаттарды немесе олардың көшірмелерін талап етуіне болады. Мұндай жағдайда тегін берілетін қажетті анықтамалар сот ісінде адвокат қажет деп тапса, дәлел ретінде пайдалануы оның қылмыстық іс жүргізіп отырған органдармен құқын теңестіреді.

Жоғарыда айтылып кеткен жаңартулар екі жақтың да құқығының теңестірілуі мен ҚР Конституциясының 13-бабында көрсетілгендей, әркімнің білікті заң көмегін алуына мүмкіндік береді.

Парламент Сенатында заң жобасын қарау барысында мемлекеттік органдар мен адвокаттардың, мемлекеттік емес заң қорғау ұйымдарының ұсыныстарының да көмегі зор болды. Қаралған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, Жамбыл облысындағы барлық адвокаттар мен



тергеушілер, юстиция өкілдері мен қоғамдық, мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Тараз қаласында отырысын өткізді. Отырыс барысында көптеген ескертулер мен ұсыныстар түсіп, Комитетте қаралды. Әсіресе, адвокат ісі жөнінде көптеген мәселелер қаралды. Адвокат ісін мемлекет тұрғысынан лицензиялау адвокаттар санының өсуіне ғана емес, адвокат тарапынан көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуіне де әкеп соқтырады деген пікірлер айтылды. Отырысқа қатысушылардың біразы лицензиялауды қалдыру қажет дегенді айтты. Лицензия алған маман міндетті түрде ауылды жерлерде қызметін өтесін дегендер де болды. Ауылдық жерде қаламен салыстырғанда адвокат қызметінің жетіспейтіні белгілі. Отырыстағы әр түрлі пікірлер тоғыса келе адвокат құзырын кеңейту мен халыққа көрсететін қызметін арттыру туралы шешімге келді. Ендігі кезекте білікті маман көмегін ұсынуда заң жобалары жетістіктерге жеткізеді деп айтуға болады.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында Республикамызға көптеген экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтарды бастан өткеруге тура келді. Дәл сондай қиындықтар мемлекеттік басқару моделін таңдау, оның демократиялық институттарын айқындау, халық билігін іске асыру механизмдерін жасап шығуда да кездесті. Міне, осы қиындықтардың бәрі де Республиканың құқықтық жүйесін құру процестерін сырт айналып өтпеді. Бұрынғы Кеңестік республикалар секілді Қазақстан да өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, өз заңнамасы жоқтығына қарамай, қажетті реформалар жүргізуге кірісті. Сол кезде қолданылып жүрген заңдар қас-қағым сәтте болып жатқан өзгерістерге ілесе алмай, көштен қалып жатты. Қоғамдық қатынастардың көптеген салалары іс жүзінде заңнамамен реттелмеген болатын. Осы қиындықтарға қарамай, Қазақстан қолда бар заңнамалық базаны реформалап, жетілдіруге және өзінің жаңа құқықтық жүйесін құруға бағытталған бірқатар іс-шараларды қолға алды.

Құқықтық жүйе дегеніміз – нақты бір мемлекеттің құқығының қайнар көзі мен оның юрисдикциялық органдарының жиынтығы. Егер кең мағынасында қарастыратын болсақ, құқықтық жүйе сондай-ақ бірқатар компоненттерді – құқықтық мәдениетті, құқықтық идеологияны, құқық ғылымын, өзге де құқықтық институттарды, солардың ішінде мемлекеттік емес институттарды (адвокатураны, нотариатты, заң фирмаларын, заңгерлердің кәсіби қауымдастықтарын) қамтиды. Қазақстанның құқықтық жүйесін құру мен оны дамытуда қазір қолданылып жүрген Конституцияның ролі ерекше екенін атап өткен жөн. Ол шынында да Республиканың бүкіл құқықтық жүйесінің түпқазығына айналып, еліміздің құқық шығармашылығы дамуына игі ықпал жасады. Конституция Республикада қолданылатын құқықтық жүйесін баянды етіп, оның ұлықтығы саясатын бекітті. Республиканың заң шығармашылығындағы мүлде жаңа режимді – Конституция нормаларының жоғары заңдық күші мен тікелей қолданылуы, заңдардың халыққа жария етілуі, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік- құқықтық актілердің міндетті түрде жариялануы режимін орнатты. Конституцияда Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің, сот жүйесінің және өзге де мемлекеттік органдардың норма шығармашылық құзыретінің негізгі мәселелері айқын реттеліп, Конституцияға, конституциялық заңдарға және жай заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қабылдаудың негіздері мен тәртібі, сондай-ақ Мемлекет басшысына заң шығару өкілеттігін беру негізі бекітілді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адвокатская деятельность. Учебно-практическое пособие / Под общ. ред. к.ю.н. В.Н. Буробина. – М.: Изд-во МНЭПУ, 2001. – 536 с.
2. Адвокатура в странах СНГ. Материалы съезда адвокатов, состоявшегося в минске 19 апреля 1994 г. //»Адвокат», 1995 г., 8,9.
3. Адвокатура туралы нормативтік құқықтық актілердің Жинағы. Алматы, 1999.
4. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. Костанай, 1998.
5. Баршевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России. М., 1997.